

## "Құтқарушы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 6 наурыз N 361

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстарды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. "Құтқарушы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) к ұ р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы қызметінің төтенше жағдайлардың пайда болуына жоғары тәуекелі бар ұйымдарда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстардың кешенін жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз е т с і н ;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі